



**М.Б. Бақтыбеков, Э.С. Майшекина, Н.Е. Есенжолов**

*Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан  
(E-mail: mukhtar-79@mail.ru, Eldana\_18@mail.ru, nauka-8080@mail.ru)*

## **Конституциялық және әкімшілік әділет жүйесі азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз етудің тиімді тетігі**

**Аңдатпа.** Мақала Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы негізінде азаматтардың конституциялық құқықтарын конституциялық және әкімшілік юстиция арқылы қамтамасыз ету мәселелеріне арналған. Мақаланың мақсаты конституциялық бақылау органының (қазіргі Конституциялық Сот) және мамандандырылған әкімшілік соттардың қазіргі дамуын талдау мен аталған институттар арқылы азаматтардың құқықтарын қорғау ерекшеліктерін көрсету. Бұл мәселені зерттеуде формальды құқықтық әдіс арқылы – конституциялық әділет органы мен мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттардың актілеріне құқықтық талдау жасалып, адам құқықтары бойынша теориялардың қалыптасуы мен оның практикаға енгізілуі негіздері, механизмдері, нысандары баяндалады.

Қазақстанның құқықтық саясат концепциясы құқық жүйесінің дамуының бағыттары мен жүйелі жұмыстарын көрсетсе, «адамға бағдарланған» басымдықтар заңнама мен мемлекеттік қызметте адам құқықтар мен бостандықтарын барынша қорғау мен табиғи құқықтық негіздерге сай болуын қажет етеді. Осы процессте елімізде жаңадан құрылып отырған Конституциялық Сот органы нормативті қаулыларымен бірге қазуалды қаулылары арқылы азаматтың құқықтарын нақты істерде (конституцияға сәйкестігі бойынша) түсіндіріп, бағалап, конституциялық реттеу жолын көрсетеді. Ал әкімшілік әділет арқылы атқару билігі мен азаматтың арасындағы бұқаралық дауларда адам құқықтарының қорғалуы сипатталып, сот төрелігінің теориялық-тәжірибелік негіздері беріледі.

**Түйін сөздер:** конституциялық құқық, конституциялық бақылау, абсолютті құқықтар, адам құқықтары, кепілдіктер, Конституциялық Сот, әкімшілік әділет.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2023-143-2-8-20>

### **Кіріспе**

Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) құқықтық мемлекет ретінде дамуында және азаматтардың конституциялық құқықтарын жеткілікті қамтамасыз ету мақсатында сот төрелігін жетілдіруде

әкімшілік және конституциялық әділет институттары ерекше. ҚР 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының жаңартылған тұжырымдамасында «адамға бағдарланған» мемлекет құруда нормашығармашылық және құқық қолдану мәселелері аса

маңызды болып отыр. Мемлекеттің құқықтық саясатының негізінде адам әлеуметтік құндылық ретінде айқындалды.

Азаматтардың өмір сүруін қамтамасыз ететін салаларда (білім беру, әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту, денсаулық сақтау т.б.) мемлекеттік басқару мен сот органдарының, оның ішінде конституциялық және әкімшілік әділет органдарының көмегімен құқықтарды жүзеге асыруды жеткілікті қамтамасыз ету өзекті. Адам құқықтарын қамтамасыз етудің негізгі механизмі конституциялық және әкімшілік әділет (төрелік) институттарында бекітілгені сөзсіз [1].

Ғылыми салада конституциялық және әкімшілік әділет мәселелерін М.Т. Баймаханов, Ж.Н. Баишев, М.С. Бейбітов, И.И. Рогов, В.А. Малиновский, А.А. Караев, Е.Б. Абдрасулов, С.Ф. Ударцов, С.К. Амандыкова, Р.А. Подопрігора, Р.Қ. Сарпеков т.б. ғалымдармен көлемді зерттеулер жүргізілген.

Р.А. Подопрігора ғылыми ортада әкімшілік және конституциялық әділетті дамытудың проблемалық мәселелері жеткілікті зерттелмегені, бұл өз кезегінде сараптамалық бағалаудың жоқтығымен және құқықтық принциптерге тиісті назар аудармаумен заң шығару процесіне теріс әсер ететінін көрсетеді [2]. Дегенмен, кейбір ғалымдар мамандандырылған соттардың дамуын тарихи қажеттілік деп анықтайды. Д. Байдельдинов, Д. Баймаханова [3], А.А. Елеупова [4,12], Э.Б. Аблаева, әкімшілік соттардың құрылуы мамандандырылған соттар жүйесін қалыптастырудың алғашқы қадамы екеніне тоқталып, тарихи аспектілерге байланысты Республикада дауларды қараудың кәсіби негізділігі принципін дамытуын айқындайды. Маманданған соттар құқық жүйесінің қазіргі дамуы кезеңінде Республиканың әлеуметтік-экономикалық жаңғыруының негізгі элементтерінің бірі.

Кейінгі конституциялық реформалардың негізінде азаматтардың соттөрелігіне деген қолжетімділігі артып, өз құқықтары мен бостандықтарын толықтай жүзеге асуына мүмкіндік алды. Бұл конституциядағы «мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның

өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар» деген нормаларды толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сол сияқты Біріккен Ұлттар Ұйымының адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясындағы «Әр адам, конституциямен, немесе заңмен берілген негізгі құқықтары бұзылған жағдайда, құқығын қүзыретті ұлттық сот арқылы тиімді түрде қалпына келтіруге құқылы» [5] деген ережелерін жүзеге асырмақ.

Ғалымдар тобы бұқаралық-құқықтық қатынастар дамуының барлық кезеңінде заңдылық принципін қамтамасыз етуде сот билігі мен мемлекеттік бақылау және жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасында тікелей байланыс бар деген қорытынды жасайды. Олар бір-біріне жүйелік әсер етеді. Соттық бақылау құқықтық мемлекет рухында бұқаралық-құқықтық қатынастарды дамытудың бастапқы қайнар көзі және азаматтық қоғам мен билік органдарының, лауазымды тұлғалардың үйлесімді өзара қатынасын орнатады. Әкімшілік сот осындай құқықтық қатынастарда құқықтық мінез-құлықтың қалыптасуына әсер етеді [6,143]. Дәл осындай көзқараста Б.К. Нұрғазин, А.С. Төлепбаева, әкімшілік соттардың мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен тиімділігі деңгейін, тиісінше азаматтық қоғамның мемлекеттік басқаруға сенімін арттырудағы маңызын көрсетеді [7, 37].

Өз кезегінде, әкімшілік әділет институтын құқықтың негізгі принциптері мен құқықтық саясаттың даму векторын белгілейтін конституциялық әділетпен қатар қарастыру қисынды. Р.Қ. Сарпеков, әкімшілік әділет адам құқықтарын қорғаудың дербес институты бола отырып, табиғи құқықтарды конституциялық тануға негізделгенін көрсетеді [8, 60]. Әкімшілік маманданған сот жүйесінің дамуымен бұқаралық-құқықтық даулар бойынша шағымданулар артып, өз кезегінде әкімшілік істерді қараудың конституциялық құндылықтарға негізделген нақты және

түсінікті сот тәжірибесін қажет етеді. Әкімшілік басқару саласында дауларды қараудың жаңаша процестік нысанының қалыптасуы азаматтардың құқықтарын барынша қорғаудың жаңа талаптарын айқындап отыр.

ҚР Конституциялық Соттың құрылуы қоғамдағы қатынастар мен заңдардың конституциялық мазмұнын анықтауға және даулауға мүмкіндік беріп отыр. Аталған органмен азаматтар мен мемлекеттік құрылымдар заң нормаларының Конституцияға сәйкестігі мен қолданылу тәжірибесі бойынша шешімдер алады. Әсіресе қызметінің жаңа бағытында азаматтардың құқықтары мен бостандықтары бойынша нақты істерде заңдардың конституциялығын тексеріп, қатынастарға тікелей қолданылады.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеу процесінде Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің (қазіргі Конституциялық Сотының), мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттардың (бұдан әрі- МАӘС) тәжірибесін зерделеу үшін теориялық әдіс (талдау, синтез, жалпылау) қолданылды. Зерттеудің негізі аталған органдардың шешімдері мен құқықтық ұстанымдары, ҚР 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы. Сонымен қатар жалпыфилософиялық, жалпығылыми, жеке ғылыми әдістер қолданылды.

### **Нәтижелер мен талдаулар**

Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары мен бостандықтарының конституциялық кепілдіктері нормативтік, процестік, институционалдық сипатта болады.

Қазақстанда конституциялық әділетті (төрелікті) дамытуда саяси-құқықтық жүйені қайта құрудағы жүйелі шаралар маңызды рөл атқарды. Конституциялық өзгерістер мен құқықтық саясат тұжырымдамасында бірнеше жылдарға арналған даму стратегиялары дайындалды. Бұл құжатпен мемлекет дамуының стратегиялық көзқарасы анықталып, тежемелік және тепе-теңдік жүйесінің күшейуіне ықпал етіп, құқықтық жүйені

жаңғырту үдерісіне оң әсерін тигізді. Халықтың әл-ауқатын арттыратын экономикалық өсу және әлеуметтік маңызды салаларда жергілікті мәселелерді (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамтуға) шешуге бағытталған мемлекеттік басқару моделін жаңғырту жалғасады.

Соңғы жылдары елімізде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайлар және геосаяси жағдайлар мемлекеттің беріктігі мен иммунитетінің жоғарлығын қажет етеді. Бұл мәселелерде тұрақтылықты қамтамасыз етуші фактор адам мен оның құқықтары мен бостандықтары. Адамның әлеуметтік қорғалуы, оның өзін-өзі жүзеге асыруы, еркін өмір сүруі, қоғам және мемлекетпен өзара тиімді байланысының орнауы құқық пен заңға қатысты болмақ. Сонымен қатар құқық үстемдігін қамтамасыз етуші саяси, құқықтық институттар мен механизмдерге тығыз байланысты. Бұлардың қатарында конституциялық және әкімшілік әділет органдарының орны ерекше. «Адамдардың әлеуметтік және экономикалық құқықтарын барынша қорғау құралы ретінде Конституциялық Сот негізгі заңда жазылған адам құқықтарына қатысты түсіндіруі мемлекеттің қол сұғуынан қорғайды, Негізгі заңдағы адам құқықтарының заман талаптарына сай қолданылуын қамтамасыз етіп отырады» [9, 193].

2022 жылғы конституциялық реформалармен азаматтардың конституциялық құқықтар мен кепілдіктерін қамтамасыз ету, мемлекеттік билікті құру, конституциялық дамуды жетілдіру бағыттарын анықтады. ҚР Конституциялық Соты өкілеттіктерін айтарлықтай кеңейту, адам құқықтарын қорғаудың ерекше қажеттілігінен туындады. Осының арқасында құқық үстемдігін қамтамасыз етуде азаматтардың нақты істер бойынша тікелей араласуына мүмкіндік жасалды. Бұл конституциялық құқықтық қатынастарда азаматтардың белсенділігін арттырып, белгілі-бір мүддеге бағыну мен байланыста болатын мемлекеттік құрылымдардың шешімдеріне қарағанда, барынша адам құқықтарына қатысты мәселелерді көтеретін, шынай және

нәтижелі шешімдердің шығуына мүмкіндік береді. Нәтижесінде жалпы ұсыныстар түрінде болып келген конституциялық бақылау органының абстрактілі шешімдері нақты істердегі сұрақтарды шешетін казустық сипатта жалғасып, азаматтардың құқықтары теориялық сипатта қалмай құқыққолдану тәжірибесіне енгізіледі. «Жалпы мемлекетте кез-келген мәселелер Конституция аясында соңғы саты ретінде Конституциялық Сотпен шешілуі мемлекетте конституциялық нормалардың шынайы жүзеге асын қамтамасыз етпек. Осының арқасында билік тармақтары арасындағы конституциялық басқару және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жоғары дәрежеде қорғалады» [10, 3].

ҚР Конституциялық Соты Конституцияның 72 және 78-баптарымен заңдардың Конституцияға сәйкестігін алдын-ала және кейінгі бақылау бойынша тексереді. Кейінгі бақылау жалпы соттардың, азаматтардың өтініштері негізінде жүзеге асады. Алайда статистикаға сәйкес соттар тарапынан заңдардың конституциялығын қарау тәжірибеде өте аз. Өйткені соттар өздерінің процессуалдық артықшылығын пайдалана отырып, сот талқылауына қатысушылардың мұндай өтініштерін, көп жағдайда, біржақты қараумен қанағаттандырудан бас тартады. Сонымен қатар, заңнамалық деңгейде мұндай өтініштерді беру және қарау тәртібі айқын болмай отыр. Көп жағдайда соттар сот төрағасына байланысты болды, себебі соттың конституциялық емес деп тану туралы бастамасы соттың төрағасымен бекітілуі тиіс болды. Бұл бір жағынан төраға сот пен соттардың арасындағы теңдік және тәуелсіздік қағидасына нұқсан келтіреді. Мұндай деректер жалпы соттардың бастамасының әлсіздігін және азаматтардың конституциялық бақылауды жүзеге асыратын органға тікелей жүгіну мүмкіндігінің жоқтығынан орын алды. Қазіргі күнде соттар тарапынан азаматтардың қолданылып отырған заңдардың конституциялығына байланысты күмәндері бойынша өтінімхаттарын міндетті түрде қарап, өтінімдегі күмәнді мәселелерді Конституциялық Соттың

шешуіне қалдырады. Бұл біршама жетілдірілген механизм деуге болады.

Конституциялық сотқа жүгінуге құқығы бар субъектілердің тізбесін кеңейту конституциялық реформа аясындағы елеулі қадам болды. Нәтижесінде азаматтар мен адам құқықтары жөніндегі уәкілге, Бас Прокурорға шағымдану құқығы берілді. Азамат құқыққолдану процесінде кез-келген нормативтік-құқықтық акт Конституцияда көзделген оның құқықтары мен бостандықтарын бұзады деп есептесе, онда ол мұндай нормативтік құқықтық актінің конституциялығын қарау үшін Конституциялық Сотқа жүгіне алады. Мұндай өзгерістер азаматтардың конституциялық кепілдіктерін қамтамасыз ету саласындағы мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтіп, нормашығаруға және конституционализмді қалыптастыруға, өз құқықтарын тікелей қорғауға жол ашты.

2021 жылы Венеция комиссиясы Конституциялық Кеңеске өтініш бере алатын субъектілердің шектеулі екендігін және кейбір нормативтік құқықтық актілерге: Қылмыстық іс жүргізу кодексіне, Азаматтық іс жүргізу кодексіне, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске және Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске толықтырулар енгізуді ұсынды. Осы арқылы азаматтардың конституциялық төрелікке қол жетімділігін барынша қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіру көрсетілді. Осылайша, конституциялық шағым институтына артықшылық берілді. Соңғы онжылдықта бұндай өтінімдер Түркияда, Венгрияда, Украинада, Литвада және басқа елдерде жүзеге асырылуда.

Конституциялық Сотқа азаматтардың жүгіну тәртібін «ҚР Конституциялық Соты туралы» заңы біршама жүйеледі. Азаматтар, егер істе қаралып отырған заң бойынша дау айтылған болса, ол заң азаматтардың құқықтарын тікелей қозғайтын болса, және іс бойынша сот шешімі шыққан болса бір жылдың ішінде жүгіне алады. Сонымен қатар қолданылып отырған заңның императивті ережелері оның бекітілген конституциялық құқықтарын шектейтін жағдайы алдын-ала белгілі болса конституциялық төрелікке қарауға қабылданады. Бірақ

бір кем мәселе ҚР «Конституциялық Сот туралы» Конституциялық Заңының 45-бабы 2-тармағы 2) пунктінде «жолданым сот актісі қабылданғаннан кейін бір жылдан кешіктірілмейтін мерзімде берілсе» Конституциялық Сот қарай алатыны анықталған. Қазіргі күнде осыған байланысты азаматтардың бұғанға дейінгі мәселелері конституциялық төреліктен тыс қалуда, бұл өз кезегінде Конституцияға сай келмейтін нормалардың қоғамда сақталуына, адам құқықтарының бұзылуына жол береді. Сондықтан бұл конституциялық жолданым мерзімін алып тастау керек, немесе ұзартқан жөн.

Бүгінгі күнде осы уақытқа дейін азаматтар тарапынан 800-ден аса өтініш түскен, бірақ олардың 90% жүгіну талаптарына сай болмауынан және процедуралық талаптардың сақталмауынан кері қайтарылып отыр [11]. Бұл елімізде конституциялық құқықтық даулар бойынша азаматтардың араласуымен «адамға бағдарланған» құқықтық позицияларды күшейтуге байланысты конституциялық дәстүр мен тәжірибенің жетілуін қажет етеді. Ал жолданымдар мен өтінімдер бойынша процедуралық тәртіптер Конституциялық Сот органының қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталып отыр. Осы арқылы конституциялық әділет органының соттың қызметіне, өзге билік тармақтарының қызметіне араласуына жол берілмейді, органдардың құзыреттерінің шекарасы сақталады.

Конституциялық Сот органына қойылатын талап, қоғам дамуында заңдардың конституциялығын қамтамасыз ету мен объективті түрде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының табиғи құқықтық негіздерін қамтамасыз ету, ортақ прогрессивті құқықтық позицияларды қалыптастыру, конституциялық нормалардың динамикалығы пен тұрақтылық балансын қамтамасыз ету, халықаралық құқықтық қағидаларды горманизациялау, оларды тәжірибеге енгізу. «Азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қамтамасыз етуде Конституциялық Сотпен адам құқықтары конституциялық мақсаттар

мен заңнамаларда көзделген мазмұнмен теңгерімде (сәйкестікте) болады. Азаматтардың мемлекеттік билік пен заңға сенімін сақтауда құқықтық анықтылық маңызды. Бұл жағдайда құқықтық реттеудің ақылға сыйымды тұрақтылығын сақтау, әрекет етуші нормалардың күштеп өзгеруін болдырмау, болжамды заңшығарушылық саясаттың болуы қажет» [12,11].

Жеке тұлғаны Конституциялық Сотқа шағымдануы заң үстемдігін және сот жүйесінің азаматтық қоғамға ашықтығын орнатуға бағытталған құқықтық жүйенің негізгі векторы. Жаңа Конституциялық Соттың жұмыс істеуі, ғылыми-құқықтық қауымдастықтың пікірінше, конституциялық-құқықтық мәдениет деңгейін көтеріп, азаматтардың сот пен мемлекеттік билікке деген жоғары сенімін орнатуы қажет.

Заң үстемдігінің деңгейін конституциялық бақылау (әділет) органының жұмысы аясында анықтауға болады, өйткені ол құқықшығармашылық пен құқыққолдануда маңызды бағыттарды белгілейді, заңшығарушы және сот билігінің мазмұнын анықтайды. Оның шешімдерінде тұлғаның құқықтарын іске асыру мен қорғаудың негізгі ұстанымдары заманауи тұрғыда сипатталады. Осылайша, өзінің шешімдерінде ережелерінің императивті маңызын көрсетіп және мемлекеттік басқарудағы «адамға бағдарланған» моделін бекітіп, адамды оның құқықтары мен бостандықтарын ең жоғары құндылық ретінде әр жағдайда танып отырады. Құқықтың аксиологиялық негіздерін (әділдік, теңдік, бостандық) Конституция арқылы сипаттап, заңдарда бағасын беріп отырады.

ҚР Конституциялық Кеңес «абсолютті құқықтар» тұжырымдамасының көлемін анықтап, Конституцияда көзделген құқықтар мен бостандықтар ҚР-ның заңнамасы саласындағы барлық адамдарға тарайтынын мәлімдейді. «Адамның аталған құқықтары мен бостандықтары заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуын айқындайды. Құқықтар мен бостандықтардың конституциялық деңгейге дейін көтерілуі және кепілділігі

мемлекетке ерекше міндет жүктейді» [13]. Конституциялық Кеңестің Конституцияда көзделген құқықтар мен бостандықтардың тұлғадан ажырамайтыны туралы ұстанымы ерекше орын алады. Мұндай құқықтар мен бостандықтар Конституцияда көзделген жағдайларды қоспағанда, өзге тараптармен шектеуге жатпайтыны анықталады. Анықталған осындай шектеулерді заңшығарушы міндетті түрде ескеруі қажет, шектеулер демократиялық мемлекет тұжырымдамасында әрекет ететін заңнама аясында болуы маңызды. Мысалы: адамның конституциялық құқықтық мәртебесін анықтауда ҚР Конституциясының 10 және 12-баптары азаматтыққа байланысты құқықтары мен бостандықтардың шегінің, абсолютті құқықтардың көлемі мен мазмұнын айқындалды [14]. Құқықтар мен бостандықтар кепілдігі туралы Канада Хартиясы адам құқықтарын шектеу еркін демократиялық қоғамдағы ақылға қонымды шекте болуын белгілейді. «Адам құқықтары мен бостандықтары абсолютті болмайды, ол өзге адамдардың құқықтары мен қоғамдық мүдделерді қорғау мақсатында ақылға қонымды жағдайда шектеледі. Осының негізінде көптеген заңдар мен мемлекеттік органдардың қызметтері адам құқықтары бойынша Хартияның негізінде соттармен талданып, құқықтар мен шектеулер арасында сәйкестігі анықталады» [15,303]. Қазақстандық тәжірибеде құқықтар мен бостандықтарды шектеу шегін анықтап, осындай конституциялық құндылықтарды барынша қорғайды. ҚР Қылмыстық Кодексінің 361-бабы 1 және 4 бөліктерін Конституцияға сай еместігін қараумен адам құқықтарын шектеуді болдырмаудың құқықтық позицияларын белгіледі. Адам мен азамат жаратылысынан құқықтар мен бостандықтарға өз қалауы бойынша иелік ете алатыны, адамның өмірі мен денсаулығы кез-келген нысанда, егер өзге адамдар мен мемлекеттің конституциялық құрлысына нұқсан келтірмесе, иелік ете отырып өз пікірін білдіру нысаны болатыны, оның ішінде қарсылық мінез білдіруде қаралады. Конституциялық Кеңес қоғамнан оқшауланған адамдардың бұндай қарсылықтары олардың өз қадыр-қасиетін қорғаудың тәсілі болуы мүмкін

екендігін анықтайды. «Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектейтін заң заңдық тұрғыдан дәлме-дәл және әкеп соқтыратын салдары болжаулы болуға тиіс, яғни оның нормалары жеткілікті дәрежеде анық тұжырымдалып және заң ережелерін өзінше пайымдау мүмкіндігін жоққа шығара отырып, заңдылы мінез-құлықты заңсыздығынан мейлінше айқындықпен ажыратуға мүмкіндік беретін түсінікті өлшемдерге негізделуге тиіс» [16] деген қорытындымен жазасын өтеушілердің абсолютті құқықтарын қорғаған болатын. Сол сияқты азаматтардың сотқа жүгінудегі мемлекеттік бажға байланысты кедергілерді болдырмау бойынша «соттық қорғауға жүгіну құқығын мүлдіктік жағдайға (жоғары мемлекеттік баждың мөлшеріне) байланысты шектеуді болдырмау» [17] бойынша азаматтардың абсолютті құқық шегіне кепілдікті анықтады. Дәл осындай логикалық пайымдар әртүрлі мәселелер бойынша азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғап, мемлекет пен органдар тарапынан араласудың шегін белгіледі. ҚР Конституциялық Кеңестің нормативті қаулысымен, ешкім, соның ішінде, мемлекет, Конституцияда және соның негізінде қабылданған заңдарда көзделгеннен басқа жағдайларда құқықтардан айыра алмайтыны; құқық пен бостандықтың жүзеге асырылуының жағдайлары мен тәртібін белгілеуде Конституция жарияланған адам құқығы мен бостандығы негізге алынады» [18] деп көрсетті. Бұдан басқа өзге нормативті қаулылары тікелей және жанама түрде адам құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың мәселелерін қарастырып, еліміздің құқықтық жүйесіндегі адам құқықтары бойынша конституциялық құндылықтардың кепілдіктерін нығайтуда.

Сондай-ақ, қылмыстық және әкімшілік заңға бірнеше рет назар аударып, мемлекеттік мәжбүрлеу мен адамның (құқық бұзушының) конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектеу деңгейі арасында мөлшерлестіктің болуын көрсетті. Заң шығарушы негізгі өлшемдерге сәйкес жауапкершілікті саралау жолы (қоғамдық қауіптілік деңгейі,

зияның сипаты мен мөлшері, құқық бұзушының жеке басы (жауапкершілік өтеу қабілеті) арқылы осындай құқықтар мен бостандықтарды шектеудің қажеттілігін анықтады. Қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтарды ажырату талаптарын айқындау мен әзірлеу, сонымен қатар құқық бұзушылықтың құрамын дәл қалыптастыру мәселесі де көтерілген болатын.

Жоғарыда айтылғандарды жалпылай отырып келесі тұжырым жасауға болады. ҚР-ның конституциялық бақылау органы өтініштерді бір мазмұнда түсіндіреді және құқықты жүзеге асыруда адам мен азаматтың мүддесін барынша танып, Конституция мен халықаралық шартта көзделген негіздерде табиғи құқықтары мен бостандықтарын қорғауда. Әсіресе қазіргі уақытта мемлекет пен адам арасындағы өзара байланысты құқықтық платформада қалыптастырып, адам мен оның құқықтарын басты құндылық ретінде таниды, мемлекетті және оның институттарын тиімді қалыптастырып, құқықтық құндылықтар мен қағидалардың мазмұны мен іске асуын түсіндіріп, заңи бағалау жасайды.

Конституциялық әділет органы Қазақстанның құқықтық жүйесін жаңғырту процесінде сөзсіз маңызды орын алады. Мемлекеттік басқаруда конституциялық заңдылықтың ұстанымын күшейту осы органның шешімдерінің орындалу деңгейіне байланысты. 2021 жылы Еуропа Кеңесінің Венеция комиссиясы конституциялық әділет органының шешімдерінің орындалуы құқық үстемдігін бекітудің маңызды талабы екенін атап отыр. Реформа арқылы Конституциялық Сотпен нақты істерді қарау аталған мәселеде конституциялық бақылау институтының міндетті және әрекет етуші қызметін күшейтті.

Қазақстан Республикасында конституциялық заңдылықты одан әрі нығайту азаматтардың өмір сүруін жақсартуға, сот төрелігіне қол жетімділігіне, мемлекеттік және сот органдарының тиімділігін арттыруға, азаматтарды барлық мемлекеттік процестерге тартуға, азаматтық қоғамды дамытуға бағытталуы керек. ҚР

Президентінің 2021 жылғы 26 қаңтардағы № 500 Жарлығымен Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттардың құрылуымен әкімшілік әділет институты енгізіліп, азаматтардың конституциялық құқықтарын тиімді қорғаудың жаңа механизмі бекітілді. Сот әкімшілік әділет аясында мемлекеттік органдар мен жеке тұлғалар, заңды тұлғалар арасындағы бұқаралық-құқықтық дауларды қарап, әкімшілік заңнамалар бойынша тәжірибені қалыптастыруда.

Соттар әкімшілік істерді қарау барысында әкімшілік нормаларды тек қолданып қана қоймай, оның мәніне, әкімшілік өндірістің қағидаларына терең зерттеулер, доктриналдық талдаулар жасайды. «Судьялар билік субъектілерінің өкілеттіктері бойынша шешімдері мен әрекеттеріне шағымдану бойынша істерді қарау барысында негізділігін, ақылға қонымдылығын, тәуелсіздігін, шынайылығын, т.с.с. қағидалардың сақталуын бағалайды» [19,12]. Нәтижесінде атқару билігінде лауазымды тұлғалармен заңдардың сақталуы бойынша соттық бақылауды орнатып, қоғамда адам құқықтарының қорғалуының жаңа сипатын қалыптастырды.

Маманданған әкімшілік соттар әкімшілік басқару саласында азаматтардың құқықтарын қорғап, конституциялық заңнамалар мен ережелердің атқару билігі саласында заманауи талаптарға сай тенденциясын қалыптастырды. Мысалы: Азаматтың мүліктік табысы бойынша салық органының талаптарын қанағаттандырусыз қалдыруы [20], кедендік рәсімдеулер бойынша заңдылықтың сақталуы (6001-22-00-6ап/1283 іс бойынша), Астана қаласының сотының шаруашылық серіктестікке қатысты салық органының тексеру актілерінің мәліметтерінің сәйкес келмеуіне байланысты күшін жоюы (6001-22-00-6ап/2099), шаруа қожалығының облыстық жер комиссиясының шешімінің күшін жою бойынша талаптарының қанағаттандырылуы (6001-23-00-6ап/1865), сауда орындары мен жергілікті кәсіпкерлік объектілеріндегі мүмкіндігі шектеулі жандардың ғимараттарға кедергісіз кіруін қамтамасыз ету (6001-22-00-6ап/1274) [21],

сияқты көптеген істер бойынша қоғамдағы заң үстемдігі қағидасының тиімді тетігі болып отыр.

Бұл еліміздегі әкімшілік әділеттің адам құқықтары мен Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етудегі ерекше институт екендігін көрсетеді. Тәуелсіз сот билігі тармағы арқылы: атқару билігіне бақылау орнатылады; даулар ашық, жан-жақты, жеткілікті талдаудан өтеді; әкімшілік пен азамат арасында тең жағдайда іс қаралады; заңдар кәсіби тұрғыда соттың зерттеуі мен пайымдауынан өтеді; адам құқықтары мен бостандықтары сотпен қорғалады; басқару саласында соттың араласуымен жақсы құқық қолдану тәжірибесі қалыптасады. Соттардың бұқаралық қатынастар саласында адам құқықтары мен бостандықтарына қатысты кәсіби құқықтық позициялары мен тұжырымдары құқықтық практикаға енгізіледі. «Заңшығарушының қандай мықты логикалық мүмкіндігі болса да қоғамның барлық мәселелері мен сұрақтарын қамти алмайтындығын және заңшығаруда барлық мәселелерді казуалды көрсету мүмкін болмайтындығын ескере келе, сот практикасының орны ерекше. Сот заңдарды көрсетілмеген қоғамдық қатынастарға қолданылуын нақтыландырады және өзгермелі қоғамдық қатынастарға бейімдейді. Осының арқасында әрбір ерекше қатынастарға құқық нормаларын қолданудағы туындайтын көптеген сұрақтарды соттық түсіндіру арқылы беруге болады. Заң өзінің қозғалысын (қолданысын) тек Сот билігінің күш салуының арқасында табады»[22,188]. Нәтижесінде заңдарды қолданудағы көптеген мәселелер шешіліп, нақтыландыру жасалады.

Қазақстандық әкімшілік сот тәжірибесінде әкімшілік әділеттің қағидаларының негізінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау басымдық алған. Бұл еліміздегі әкімшілік сот өндірісінің ақиқатты іздеудегі заңи фактілер мен оқиғаларды жан-жақты зерттеуі мен даудың әділдігіне жетуде адам құқықтарын қорғауға деген ерекше мүмкіндігін қалыптастырып отыр. Әкімшілік соттың қазіргі практикасы

немесе оның түсіндірмелері тікелей және жанама түрде қазақстандық әрекет етуші құқықтың қайнар көзі ретінде Конституция мен заңдардың мазмұнын нақтыландыру мен толықтыруға мүмкіндік беріп, заңшығарушының ойын қазіргі жағдайда қолданылуын қамтамасыз етеді. Соттың нормативті қаулылары мен нақты істегі казуалды ережелері жалпы әкімшілік қатынастарда адам құқықтары құндылығының нығаюына мүмкіндік жасап отыр.

Сонымен қатар бұқаралық құқықтық қатынастар саласында адам құқықтарын қорғау бойынша тетіктерді жетілдіру мақсатында жұмыстар әлі де жүруде. Сондай мәселелердің бірі істердің соттылығын анықтау. Бұл өз кезегінде биліктік сипаты бар қатынастарда мәселелердің тиімді қаралуына мүмкіндік бермек. Алдағы уақытта осыған қатысты біріншіден, арнайы құқықтарынан айыру түріндегі жазаларды көздейтін әкімшілік құқықбұзушылықтарды; екіншіден, әкімшілік бұқаралық сипаттағы институттарды (азаматтың әрекет қабілеттілігін шектеу, мәжбүрлі түрде емдеу туралы шешімдерде т.с.с.) азаматтық іс жүргізуден алуды; үшіншіден, нормативті құқықтық актілердің заңдылығын даулауды азаматтық процестен әкімшілік бұқаралық сот өндірісіне беру адам құқықтарын қорғаудың тетіктері мен жүйесін одан әрі жетілдірмек.

Жетілдіруді қажет етіп отырған мәселенің бірі – әкімшілік даулардың соттылығын анықтаудың нақты талаптарының жоқтығы. Мұндай талаптарды анықтау және реттеу әкімшілік әділет институтының толық жұмыс істеуіне және азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділік құқығын жүзеге асыру алгоритмін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Теориялық талдаулардың негіздеріне сүйене отырып, соттылықты анықтаудың мынадай ортақ талаптарын ұсынуға болады:

1) кем дегенде бір тарап мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асырса, дау осындай тараптың басқарушылық функцияларды орындауына немесе орындамауына байланысты туындағанда;



2) кем дегенде бір тарап әкімшілік қызмет көрсетсе және дау мұндай тараптың осы қызметтерді сапасыз көрсетуіне немесе ұсынбауына байланысты туындағанда;

3) азаматтар мен ұйымдардың бұқаралық-құқықтық сипаттағы мүдделері мен құқықтары, бостандықтары қозғалатын болса;

2021 жылы статистика бойынша әкімшілік бұқаралық дауларда азаматтар мен ұйымдардың шағымдарының 52% қанағаттандырылған. Бұл еліміздегі адам құқықтарын қорғау мен тиімді мемлекеттік басқару бойынша әкімшілік әділеттің маңыздылығын көрсетіп отыр.

### Қорытынды

Қазақстандағы жаңадан құрылып жатқан конституциялық және әкімшілік әділет еліміздің құқықтық мемлекетті құрудағы маңызды қадамдарын көрсетіп отыр. Бұл құқықтық институттардың құқықтық саясат тұжырымдамасы негізінде қалыптасуы жүйелі, жоспарлы, нәтижелі, мақсатты әрекеттердің болуын анықтайды. Сонымен қатар аталған институттар тарихи жағдайда дер кезінде жаңғыртылып енгізілген жаңашылдықтар. Мемлекеттік басқаруда аталған институттардың көмегімен адам құқықтарын қорғаудың тиімді жүйесі жүзеге асуда.

Қазақстан Республикасында Конституциялық Соттың құрылуы елеулі өзгерістер әкеліп, конституциялық бақылау органына жүгіну құқығы бар субъектілердің кеңеюіне мүмкіндік берді. Мұндай өтініштерді қарау тәртібі конституциялық қорғаудың ең тиімді тетігі болып саналады. Жеке тұлғаның Конституциялық Сотқа өзіне қатысты қолданылған нормативтік құқықтық актінің конституциялығын тексеруге жүгінуі құқықтық мемлекеттегі адам құқықтарының конституциялық мәртебесін арттырып отыр.

Конституциялық әділет органының шешімдерінде адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары

адамзаттың ең жоғары құндылығы ретінде танылуы құқықтық тәжірибе үшін бағыт болады. Дегенмен, кейбір ұстанымдар (жағдайлар) заңнамадағы олқылықтарды көрсетеді, олар көп жағдайда іс жүргізушілік нормативтік актілер мен салалық заңдардағы нақты тетіктердің конституциялық кепілдіктерді қамтамасыз етудегі жеткіліксіздігі. Сондықтан салалық заңнамаларды қабылдау мен қолдану кезінде конституциялық мониторинг пен конституциялық бақылау органының шешімдеріндегі құқықтық ұстанымдарды міндетті түрде ескеру қажет. Конституциялық Соттың нақты істер бойынша шешімдері конституциялық ережелердің мазмұнын толықтырып қана қоймай, кері байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, осы органның билік жүйесіндегі ықпалды орган ретінде мүмкіндігі мен мәртебесін арттырады.

Әкімшілік әділет институты конституциялық құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз етудің тиімді құралы ретінде қалыптасуда. Әкімшілік соттардың конституциялық нормалар мен өзге нормативті актілерді терең түсінуге бағытталған әрекеттері және нақты дауларда олардың ақиқатына жетудегі қызметтері мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырып, адам құқықтары мәртебесін жаңа сатыға көтеріп отыр. Қазіргі күнде әкімшілік төрелікте істердің соттылығы бойынша мәселелер әлі айқындалып біткен жоқ, ол даулардың пәнінің күрделілігіне байланысты немесе тек заңнама тұрғысынан азаматтық өндірістің қарауында қалып отыр. Ол үшін азаматтық процесстік заңнамаға өзгерістер жасаумен бұқаралық сипаттағы дауларды әкімшілік процесстік заңнамаға енгізу қажет.

Жалпы алғанда, еліміздің соттөрелігі билігі аталған институттармен тиімді бақылау мен басқаруды жүзеге асыруда «Әділетті Қазақстан», «Халық үнін еститін мемлекет» концепцияларының шынайы мазмұнын ашпақ.

## Әдебиеттер тізімі

1. Constitutional Justice and Peace. Report of the Belgian Constitutional Court. <https://www.const-court.be/public/stet/e/stet-2022-003e.pdf> (қаралған күні: 2.02.2023).
2. Р.А. Подопригора. Административная юстиция в Казахстане: история, состояние, перспективы. [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=32016804](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32016804) (қаралған күні: 12.11.2022).
3. Конституционный суд: по надежным лекалам. <https://kazpravda.kz/n/konstitutsionnyu-sud-po-nadezhnum-lekalam/> (қаралған күні: 2.02.2023).
4. Елеупова А.А. Осуществление конституционного контроля Конституционным Советом Республики Казахстан. Автореферат. <https://www.dissercat.com/content/osushchestvlenie-konstitutsionnogo-kontrolya-konstitutsionnum-sovetom-respubliki-kazakhstan> (қаралған күні: 2.02.2023).
5. Universal Declaration of Human Rights. <https://www.un.org/en/about-us/universal-declaration-of-human-rights> (қаралған күні: 15.02.2023).
6. Аблаева Э.Б., Енсебаева А.Р., Утанов М.А. (2020) Обеспечение верховенства закона в сфере государственного управления и местного самоуправления. *Lex Russica*, №2, (159). 141-152. Ошибка! Недопустимый объект гиперссылки. (қаралған күні: 12.11.2022).
7. Нургазинов Б.К., Тулепбаева А.С. (2019) Роль суда в административном судопроизводстве. Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, №2, (56), 31-37. <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-suda-v-administrativnom-sudoproizvodstve>. (қаралған күні: 2.02.2023).
8. Сарпеков Р.К. (2019) Конституционная природа административной юстиции (на примере Республики Казахстан и государств – членов Евразийского экономического Союза). Журнал зарубежного законодательства и сравнительного правоведения, №4, 58-75. <https://cyberleninka.ru/article/n/konstitutsionnaya-priroda-administrativnoy-yustitsii-na-primere-respubliki-kazahstan-i-gosudarstv-chlenov-evraziyskogo>. (қаралған күні: 2.02.2023).
9. Social and Economic Rights in the German Basic Law? An Analysis with Respect to Jurisprudence of the Federal Constitutional Court. Christoph Enders. *Constitutional Review*, Volume 6, Number 2, December 2020. P-ISSN: 2460-0016 (print), E-ISSN: 2548-3870 (online). <https://doi.org/10.31078/consrev621> <https://consrev.mkri.id/index.php/const-rev/article/view/621/487> (қаралған күні: 7.02.2023).
10. I Dewa Gede Palguna. Constitutional Complaint and the Protection of Citizens the Constitutional Rights. *Constitutional Review*, May 2017, Volume 3, Number 1. P-1-23.
11. Азаматтардан Конституциялық Сотқа қандай өтініштер келіп түсуде. <https://www.gov.kz/memleket/entities/ksrk/press/news/details/492847?lang=kk> (қаралған күні: 7.02.2023).
12. Svetlana Karamysheva. Protection of Socio-Economic Rights by the Constitutional Court of the Russian Federation. *Constitutional Review*, Volume 6, Number 1, May 2020. P-1-35. p-11. <https://consrev.mkri.id/index.php/const-rev/article/view/611/480> (қаралған күні: 7.02.2023).
13. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің "Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы" жолдауы 2021 жыл 21 маусым. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2100000120> (қаралған күні: 7.02.2023).
14. Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 және 12-баптарын ресми түсіндіру туралы. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2003 жылғы 1 желтоқсандағы N 12 қаулысы (қаралған күні: 7.02.2023).
15. Miriam Cohen.Sarah-Michèle Vincent-Wright. Conflict Resolution in Human Rights Cases: The Role of the Supreme Court of Canada. *Constitutional Review*, Volume 8, Number 2, December 2022. P-ISSN: 2460-0016 (print), E-ISSN: 2548-3870 (online). <https://doi.org/10.31078/consrev824>. <https://consrev.mkri.id/index.php/const-rev/article/view/824/521>. P-295-322.p-303 (қаралған күні: 10.02.2023).
16. Алматы облысы Қапшағай қалалық сотының өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-бабы бірінші және төртінші бөліктерінің конституциялылығын тексеру туралы. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2008 жылғы 27 ақпандағы N 2 Нормативтік қаулысы. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S080000002\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S080000002_) (қаралған күні: 10.02.2023).
17. Нормативное постановление Конституционного Суда Республики Казахстан от 22 февраля 2023 года № 3. О рассмотрении на соответствие Конституции Республики Казахстан подпункта 1) пункта 1 и пункта 2 статьи 610 Кодекса Республики Казахстан от 25 декабря 2017 года «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс). [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=37626433&pos=4;-106#pos=4;-106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37626433&pos=4;-106#pos=4;-106) (қаралған күні: 10.02.2023).

18. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағына және 12-бабының 2-тармағына ресми түсіндірме беру туралы. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңестің Қаулысы 1996 жылғы 28 қазандағы N 6/2. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S9600006\\_2\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S9600006_2_) (қаралған күні: 10.02.2023).

19. Применение принципов административных процедур и административного судопроизводства в Республике Казахстан: Практическое пособие. – Астана: Библиотека суда города Астаны, 2023. – 121 стр.

20. Жамбыл облысы әкімшілік істер бойынша сот алқасының Қаулысы. 15.02.2023 ж.

21. Абдрасулов Е.Б. Толкование законов и норм Конституции: теория, опыт, процедура: Монография, Алматы: Өркениет, 2002. – 400 С.

**М.Б. Бақтыбеков, Э.С. Майшекина, Н.Е. Есенжолов**

*Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan*

### **Система конституционной и административной юстиции как эффективные механизмы обеспечения конституционных прав граждан**

**Аннотация.** Статья посвящена вопросам обеспечения конституционных прав граждан посредством конституционной и административной юстиции на основе концепции правовой политики Республики Казахстан до 2030 года. Цель статьи – проанализировать современное развитие органа конституционного контроля (ныне Конституционный суд) и специализированных административных судов и показать особенности защиты прав граждан через эти институты. При изучении данного вопроса формально-юридическим методом проводится правовой анализ актов органа конституционной юстиции и специализированных межрайонных административных судов, а также рассматриваются основы, механизмы и формы формирования правозащитных теорий и их реализации на практике.

Если в концепции правовой политики Казахстана указаны направления развития и планомерной работы правовой системы, то «человекоориентированные» приоритеты требуют максимальной защиты прав и свобод человека в законодательном процессе и на государственном управлении, а также соблюдение естественно-правовых основ. В этом процессе Конституционный Суд дает толкование и оценку прав граждан в конкретных случаях и определяет правовую позицию конституционного регулирования своими нормативными и казуальными решениями. Описывается защита прав человека в публичных спорах между исполнительной властью и гражданами посредством административной юстиции, даются теоретические и практические основы правосудия.

**Ключевые слова:** конституционное право, конституционный контроль, абсолютные права, права человека, гарантии, Конституционный суд, административная юстиция.

**M.B. Baktybekov, E.S. Maishekina, N.E. Yessenzholov**

*Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan*

### **The system of constitutional and administrative justice as effective mechanisms for ensuring the constitutional rights of citizens**

**Abstract.** The article is devoted to the issues of ensuring the constitutional rights of citizens through constitutional and administrative justice based on the concept of the legal policy of the Republic of Kazakhstan until 2030. The purpose of the article is to analyze the modern development of the body of constitutional control (now the Constitutional Court) and specialized administrative courts and show the features of protecting the rights of citizens through these institutions. When studying this issue by the formal legal method, a legal analysis of the acts of the body of constitutional justice and specialized inter-district administrative courts is carried out, and the foundations, mechanisms and forms of the formation of human rights theories and their implementation in practice are considered.

If the concept of the legal policy of Kazakhstan indicates the directions for the development and systematic work of the legal system, then “human-oriented” priorities require maximum protection of

human rights and freedoms in the legislative process and in public administration, as well as compliance with the natural legal foundations. In this process, the Constitutional Court gives an interpretation and assessment of the rights of citizens in specific cases and determines the legal position of constitutional regulation by its normative and causal decisions. The protection of human rights in public disputes between the executive branch and citizens through administrative justice is described, the theoretical and practical foundations of justice are given.

**Keywords:** constitutional law, constitutional control, absolute rights, human rights, guarantees, Constitutional Court, administrative justice.

## References

1. Constitutional Justice and Peace. Report of the Belgian Constitutional Court. <https://www.const-court.be/public/stet/e/stet-2022-003e.pdf> (accessed 2.02.2023)
2. R.A. Podoprigora. Administrativnaya yusticiya v Kazahstane: istoriya, sostoyanie, perspektivy. [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=32016804](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32016804) (accessed 2.11.2022)
3. Konstitucionnyj sud: po nadezhnym lekalam. <https://kazpravda.kz/n/konstitucionnyy-sud-po-nadezhnym-lekalam/> (accessed 2.02.2023)
4. Eleupova, Ayan Ablaevna. Osushchestvlenie konstitucionnogo kontrolya Konstitucionnym Sovetom Respubliki Kazahstan. Avtoreferat. <https://www.dissercat.com/content/osushchestvlenie-konstitucionnogo-kontrolya-konstitucionnym-sovetom-respubliki-kazahstan> (accessed 2.02.2023)
5. Universal Declaration of Human Rights. <https://www.un.org/en/about-us/universal-declaration-of-human-rights> (accessed 15.02.2023)
6. Ablaeva E. B., Ensebaeva A. R., Utanov M. A. (2020) Obespechenie verhovenstva zakona v sfere gosudarstvennogo upravleniya i mestnogo samoupravleniya. *Lex Russica*, №2, (159). 141-152. <https://cyberleninka.ru/article/n/obespechenie-verhovenstva-zakona-v-sfere-gosudarstvennogo-upravleniya-i-mestnogo-samoupravleniya>. (accessed 12.11.2022)
7. Nurgazinov B.K., Tulepbaeva A.S. (2019) Rol' suda v administrativnom sudoproizvodstve. *Vestnik Instituta zakonodatel'stva i pravovoj informacii Respubliki Kazahstan*, №2, (56), 31-37. <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-suda-v-administrativnom-sudoproizvodstve> (accessed 2.02.2023)
8. Sarpekov R.K. (2019) Konstitucionnaya priroda administrativnoj yusticii (na primere Respubliki Kazahstan i gosudarstv – chlenov Evrazijskogo ekonomicheskogo Soyuza). *ZHurnal zarubezhnogo zakonodatel'stva i sravnitel'nogo pravovedeniya*, №4, 58-75. <https://cyberleninka.ru/article/n/konstitucionnaya-priroda-administrativnoj-yustitsii-na-primere-respubliki-kazahstan-i-gosudarstv-chlenov-evrazijskogo>. (accessed 2.02.2023).
9. Social and Economic Rights in the German Basic Law? An Analysis with Respect to Jurisprudence of the Federal Constitutional Court. Christoph Enders. *Constitutional Review*, Volume 6, Number 2. <https://doi.org/10.31078/consrev621https://consrev.mkri.id/index./const-rev/article/view/>(accessed 7.02.2023).
10. I Dewa Gede Palguna. Constitutional Complaint and the Protection of Citizens the Constitutional Rights. *Constitutional Review*, May 2017, Volume 3, Number 1. P-1-23.
11. Azamattardan Konstituciyalyk Sotka kandaj otinishter kelip tysude. <https://www.gov.kz/memleket/entities/ksrk/press/news/details/492847?lang=kk> (accessed 7.02.2023).
12. Svetlana Karamysheva. Protection of Socio-Economic Rights by the Constitutional Court of the Russian Federation. *Constitutional Review*, Volume 6, Number 1, May 2020. P-1-35. p-11. <https://consrev.mkri.id/index.php/const-rev/article/view/611/480> (accessed 7.02.2023).
13. Kazakstan Respublikasy Konstituciyalyk Kenesinin “Kazakstan Respublikasyndagy konstituciyalyk zandylyktyyn zhaj-kuji turaly” zholdauy 2021 zhyl 21 mausym. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2100000120> (accessed 7.02.2023).
14. Kazakstan Respublikasy Konstituciyasynyn 10 zhane 12-baptaryn resmi tysindir turaly. *Kazakstan Respublikasy Konstituciyalyk Kenesinin 2003 zhylgy 1 zheltoksandagy N 12 kaulysy* (accessed 7.02.2023).
15. Miriam Cohen.Sarah-Michèle Vincent-Wright. Conflict Resolution in Human Rights Cases: The Role of the Supreme Court of Canada. *Constitutional Review*, Volume 8, Number 2, December 2022. <https://consrev.mkri.id/index.php/const-rev/article/view/824/521> (accessed 10.02.2023).
16. Almaty oblysy Kapshagaj kalalyk sotynyn otinishi bojynsha Kazakstan Respublikasy Kylmystyk kodeksinin 361-baby birinshi zhane tortinshi bolikterinin konstituciyalylygyn tekseru turaly. *Kazakstan Respublikasy Konstituciyalyk Kenesinin 2008 zhylgy 27 akpandagy N 2 Normativtik kaulysy*. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S080000002\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S080000002_) (accessed 10.02.2023).

17. Normativnoe postanovlenie Konstitucionnogo Suda Respubliki Kazahstan ot 22 fevralya 2023 goda № 3. O rassmotrenii na sootvetstvie Konstitucii Respubliki Kazahstan podpunkta 1) punkta 1 i punkta 2 stat'i 610 Kodeksa Respubliki Kazahstan ot 25 dekabrya 2017 goda «O nalogah i drugih obyazatel'nyh platezhah v byudzhet» (Nalogovyy kodeks). [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=37626433&pos=4;-106#pos=4;-106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37626433&pos=4;-106#pos=4;-106) (accessed 10.02.2023).

18. Kazakstan Respublikasy Konstituciyasynyn 4-babynyn 1-tarmagyna zhane 12-babynyn 2-tarmagyna resmi tysindirme beru turaly. Kazakstan Respublikasynyn Konstituciyalyk Kenestin Kaulysy 1996 zhylgy 28 kazandagy N 6/2. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S9600006\\_2\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S9600006_2_) (accessed 10.02.2023).

19. Primenenie principov administrativnyh procedur i administrativnogo sudoproizvodstva v Respublike Kazahstan: Prakticheskoe posobie. – Astana: Biblioteka suda goroda Astany, 2023. – 121 str.

20. ZHambyl oblysy akimshilik ister bojnynsha sot alkasynyn Kaulysy. 15.02.2023 zh.

21. Abdrasulov E.B. Tolkovanie zakonov i norm Konstitucii: teoriya, opyt, procedura: Monografiya, Almaty:Orkeniet, 2002. – 400 S.

### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Бақтыбеков М.Б.** – мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, құқықтану магистрі. Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан.

**Майшекина Э.С.** – PhD доктор, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан.

**Есенжолов Н.Е.** – құқықтану магистрі, докторант, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан.

**Baktybekov M.B.** – Senior Lecturer, Alikhan Bokeikhan University, 94 Abay street, Semey, Kazakhstan.

**Maishekina E.S.** – Senior Lecturer, Alikhan Bokeikhan University, 94 Abay street, Semey, Kazakhstan.

**Yessenzholov N.Y.** – PhD student, Master of Law, Alikhan Bokeikhan University, 94 Abay street, Semey, Kazakhstan.